

№ 37 орта мектеп

**2023-2024 оқу жылындағы**

**Педагог – асистенттің жұмыс есебі**

2023-2024

**2023-2024 оку жылындағы №37 орта мектебінің педагог-ассистентінің  
жылдық жүргізген жұмыстарының есебі.**

2023-2024 оку жылының 14 қарашадан бастап 2 «б» сынып окушысы Сапарғали Мансұрдың педагог-ассистенті болып тағайындалдым.  
**Педагог-ассистенттің негізгі функциясы:**

Окушыга оку процесіне енуге көмектеседі, ұйымдастырады, бағыттайты, жағымсыз мінез құлықты, эмоциялышқа және мінез-құлқындағы теріс әрекетінің алдын алады. Ол баланың мінез-құлқын бақылай отырып, өз бетінше оку дағдыларын менгеруге үйретеді, әрі қарай баланың өзі жасайтын жұмыстарын дербес орындауға қолдау көрсетеді.

Сапарғали Мансұр 3 - қабатта орналасқан кабинетіне өз еркімен бара алды. Оку-құралдарын өз еркімен мұғалімнің нұсқауынсыз шығарады.

Үйде анасының айтуынша сабак оқығысы келмей, әкесі ескерту жасағандаған оқиды.

Сабак барысында тақтадан көшіреді, әріптер мен сандарды таниды. Жазуы баяу, зейін шоғырлануы орташа болғаннан бір сөз жазғаннан кейін алаңдап кетеді де, үнемі ескерту арқылы жазады. Сабак барысында бірінші, екінші сабакта ашууланып отырады тапсырмаларды орындағысы келмей, кейін асханаға барып келгесін тынышталады. Сабак үстінде орнынан тұрып кабинетті аралап келіп, қайта орнына отырады. Алғашқы сабак үнемі математика сабагы болады. Есептерді менің көмегіммен шығарады. Қосу және азайту есептерін саусақтарының көмегімен есептейді. Сызығышпен кітаптағы фигураларды сыйзады. 4 жол өлең шумақтарын жаймен жаттайты. Мәтінді әлі оқи алмайды. Суреттерге қарап іс-қимылын айтады.

Сабак кестесіне сәйкес күн ара дефектолог, логопед сабактарына жеке қатысады.

Сабак үстінде қимыл қозғалысы көп болып, стими көтерілген жағдайда окушыларға кедергі келтірмеу үшін оңаша психолог кабинетіне апарамын. Диктант жазып, есептер шығарып, кітап оқытамын. Танымдық процестерді дамытатын және ритмикалық жаттыгулар жасатамын.

Сурет салғанды ұнатады, суретті өз түстеріне қарай бояйды. Асханаға барғанда аспазшы апаймен амандастып, өз тамағын сұрап, орнына отырып жейді.

Көріп есте сақтау қабілеті жақсы, жануарларды ажыратады және қандай дауыс шыгаратынын айтады. Ермексазбен мүсіндік жұмыстар жасайды. Қимыл қозғалысты ұнатады, дene шынықтыру сабагын жақсы көріп қатысады. Менің көмегіммен окушылармен бірге жаттығу

орындаиды. Сыныптас қыздары арасында бірге ойнайды. Сыныбындағы окушыларымен қарым-қатынасы жақсы.

Сыныптастырмен бірге Т.Ахтанов атындағы Драма театрға «Арыстан патша» қойылымына барды. Қойылым ұзақ болғанмен соңына дейін жақсы отырды, тек әртүрлі дыбыстар айтып отырды.

Мансұрдың өзіне тән қоршаган ортаны қабылдауы өзгеше болғандықтан, күз – көктем айларында өзіне тән мінез-құлықтарында өзгерістер (стимдер) болады. Сол уақытта сабак үстінде айқайлау, кснектен шынғыру, көп қозғалыс болады. Мұғалімнің ескертулерін қабылдай алмайды.

Үйдегі және мектептегі іс-әрекетін дәптерге күнделікті жазылып отырды. Ата-ана мен тығыз байланыс орнатылды.

Мектеп директоры

Педагог-ассистент



А.С.Назиков

Г.Қ.Мұханғалиева